

**«Менің Отаным-менің Қостанайым»
балалардың шығармашылық жұмыстарының сырттай қалалық
байқауының ережесі**

Мақсаты: балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау, кіші Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді ояту, сурет арқылы балалардың эмоционалдық сезімдерін білдіруге қызығушылығын арттыру.

Міндеттері:

- Азаматтық сезімдерді тәрбиелеу, кіші отанға, туған өлкеге және оның тарихына, өз елінің патриоты деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу;
- Тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал ету;
- Тұлғалық өсу және өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдай жасау;
- Белсенді, талантты балаларды анықтау.

Байқауға қатысушылар

Байқауға қазақ немесе орыс тілдерінде жұмыс істейтін мектепке дейінгі ұйымдар, шағын орталықтар, жалпы білім беретін мектептер жанындағы мектепалды даярлық сыныптарының 5-7 жастағы балалары қатыса алады.

Сырттай байқауды ұйымдастыру және өткізу

Қалалық байқау 2 кезеңде өтеді:

Бірінші кезең-балабақшаішілік;

Екінші кезең-қалалық (сырттай) мерзімі:2019 жылдың 11 қазаннан 15 қазанға дейін

Білім беру ұйымдары мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бөліміне (№104 кабинет) екі ғана балалар суретін ұсынады.

Байқауға сырттай қалалық кезеңіне қатысу үшін келесі құжаттар ұсынылады:

- байқаудың қалалық кезеңіне қатысуға өтініш (1 қосымша);
- балалардың суреттері (А 4 форматы);

Суретті рәсімдеуге қойылатын талаптар

- суретте көлденең немесе тік сурет болуы мүмкін;
- сурет қағазда орындалуы тиіс, оның А 4-тен форматы кем емес кез келген көркемдік құралдары мен материалдары орындалады;
- әр жұмысқа міндетті мәліметтер болу керек (оң жақ төменгі бұрышында): жұмыстың атауы, автордың аты -жөні, жасы, мектепке дейінгі ұйым;
- ережеде көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен материалдар қарастырылмайды.

Суреттерді бағалау көрсеткіштері

Балалардың шығармашылық суреттері келесі көрсеткіштерге сай болуы керек:

- шығармашылық суреттің байқаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі;
- таңдалған тақырыпты ашу толықтығы мен тереңдігі;
- шығармашылық көзқарас.

Қорытынды жасау және жеңімпаздарды марапаттау

Байқаудың қорытындылары негізінде байқаудың жеңімпаздары анықталады. Сырттай қалалық байқау жеңімпаздарына мадақтамалар ұсынылады.

"Менің Отаным-менің Қостанайым»
сырттай қалалық байқауына қатысу
ӨТІНІШІ

Білім беру ұйымының атауы	(баланың ата-жөні, жасы) мәліметтері	Педагогтың аты-жөні	Жұмыстардың тақырыбы	Орындау техникасы